



БҰЙРЫҚ

19.10.2022 ж.

Қарағанды қаласы

ПРИКАЗ

№ 356

город Караганда

**«HQ Company» (Аш Кью Компани) ЖШС
уақытша басқарушысын
тағайындау туралы**

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы Заңының 15-бабының 1-2) тармақшасына сәйкес, «HQ Company» (Аш Кью Компани) ЖШС банкроттық рәсімді қолдану бойынша істі қозғау туралы Қарағанды облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2022 жылғы 17 қазандағы ұйғарымы және Қарағанды қаласының Қазыбек би ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының 2022 жылғы 03 қазандағы хатына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «HQ Company» (Аш Кью Компани) ЖШС, БСН 100340019983 уақытша басқарушысы болып Динмухаммед Садвакасович Байдильдин тағайындалсын.

2. Динмухаммед Садвакасович Байдильдинге «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес уақытша басқарушының міндеттерін орындау жүктелсін.

3. Уақытша басқарушы Динмухаммед Садвакасович Байдильдин «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындауды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті Қарағанды облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары Канат Муратович Ахметбековке жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Басшы

А. Мадиев